

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Ормантану
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Қазақстан Республикасының орман қоры санаттарға бөлінеді
 - A) 25 санаттарға
 - B) 9 санаттарға
 - C) 16 санаттарға
 - D) 2 санаттарға
 - E) 3 санаттарға

2. Сібір балқарағайының тұқымдықтары топ құрайды
 - A) 9-10 ағаштан
 - B) 3-4 ағаштан
 - C) 1-2 ағаштан
 - D) 7-8 ағаштан
 - E) 5-6 ағаштан

3. Кеспеағаштың жанасу тәсілдерінің саны
 - A) 4
 - B) 6
 - C) 2
 - D) 5
 - E) 3

4. Жаппай кесулер кезінде барлық ағаштар кесіліп бітеді
 - A) 2 жылдың ішінде
 - B) 3 жылдың ішінде
 - C) 1 жылдың ішінде
 - D) 4 жылдың ішінде
 - E) 5 жылдың ішінде

5. Ерікті таңдамалы кесулер кезінде бірінші кезекке қойылатын міндеттер
 - A) Ағаш дайындау зауыттары үшін сүрек дайындау
 - B) Орманның қайта түлеуі
 - C) Отын ағаштарын дайындау
 - D) Арнайы сортименттерді дайындау
 - E) Жонуға арналған сүрек дайындау

6. Еріксіз таңдамалы кесулерді жүргізе бастаған уақыт
- A) 1851 жылдан бастап
 - B) Петр I басқарған уақыттардан бастап
 - C) 1805 жылдан бастап
 - D) 1885 жылдан бастап
 - E) 1785 жылдан бастап
7. Таңдамалы кесулер кезінде кесіп алынатындар
- A) Отын ағаштары
 - B) Белгілі бір санаттағы ағаштар
 - C) Барлық сүректі ағаштар
 - D) Төмендіңді ағаштар
 - E) Ауырған және фаутты ағаштар
8. Басты мақсаттағы кесулер бөлінеді
- A) 2 топқа
 - B) 4 топқа
 - C) 6 топқа
 - D) 5 топқа
 - E) 3 топқа
9. Бұтақтарды кесу бойынша классификация алғаш рет дайындалған мемлекет
- A) Польша
 - B) АҚШ
 - C) Франция
 - D) Германия
 - E) Канада
10. Жолақты кесу, кесулер жүргізгенге дейін атқарылады
- A) 18 жыл бұрын
 - B) 20 жыл бұрын
 - C) 10-15 жыл бұрын
 - D) 5-8 жыл бұрын
 - E) 25 жыл бұрын
11. Санитарлық кесулерді жүргізу мақсаты
- A) Орманның өнімділігін арттыру үшін
 - B) Су балансын реттеу үшін
 - C) Алқаағаштардың санитарлық жағдайын жақсарту үшін
 - D) Рекреациялық мақсаттар үшін
 - E) Пилорамаларға шикізат алу үшін

12. Өтпелі кесуді жүргізудің мақсаты
- A) Бөрікбасына жарықтың түсуін жақсарту үшін
 - B) Алқаағаштардың топырақ жағдайын жақсарту
 - C) Ағаштардың биіктігі бойынша өсімін ұлғайту
 - D) Өсімдіктердің қоректену ауданын ұлғайту үшін
 - E) Диаметр бойынша өсімін ұлғайту
13. Сиретпелі кесуді жүргізу жасы
- A) 41-50 жас
 - B) 11-20 жас
 - C) 5-10 жас
 - D) 51-70 жас
 - E) 21-40 жас
14. Тазартпалы кесуді жүргізу жасы
- A) 25 жас
 - B) 3-5 жас
 - C) 11-20 жас
 - D) 7-9 жас
 - E) 30 жас
15. Жарықтандырудың негізгі мақсаты
- A) Диаметрі бойынша өсімді жақсарту
 - B) Балауса ағаштардың өсуін жақсарту
 - C) Топырақты жақсарту
 - D) Алқаағаш құрамын реттеу
 - E) Шөпті өсімдіктермен күрес
16. Күту үшін кесулер бөлінеді
- A) 6 түрге
 - B) 4 түрге
 - C) 3 түрге
 - D) 7 түрге
 - E) 2 түрге
17. Күту үшін кесулердің мақсаты
- A) Шырғай дайындау үшін
 - B) Аудан бірлігіндегі сүрек қорының мөлшерін анықтау
 - C) Шаруашылықта құнды, жоғары өнімділікті орман алқаағаштарын қалыптастыру
 - D) Орман астарын жарықтандыру үшін балауса ағаштарды сирету
 - E) Кесу рамалары үшін материалдар алу

18. Күту кесулері бірінші пайда болған мемлекет
- A) Қазақстанда
 - B) Рим империясында
 - C) Италияда
 - D) Францияда
 - E) Ресейде
19. Орманды кесу мақсаты бойынша бөлінеді
- A) 4 түрге
 - B) 6 түрге
 - C) 7 түрге
 - D) 3 түрге
 - E) 2 түрге
20. Жалпы орманшылық курсының оқу мақсаты
- A) Орманда екпе орман қорын бөлу үшін
 - B) Орман морфологиясын зерттеу үшін
 - C) Орманда шаруашылық жүргізу тәсілдерін зерттеуге
 - D) Орманды жанама пайдалану қорын анықтау үшін
 - E) Ағаш және бұта өсімдік түрлерін анықтау үшін

Ормантану

ПӘНІНЕН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

2-БЛОК: Арнайы пән
Дендрология
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Раушангүлділер тұқымдасының өкілі
 - A) Үйеңкі
 - B) Жөке ағашы
 - C) Терек
 - D) Шетен
 - E) Қайың

2. Гүл пішіні дұрыс емес ағаш тұқымдастарды көрсетіңіз
 - A) Жөке ағаштар тұқымдасы
 - B) Бұршақтар тұқымдасы
 - C) Раушангүлділер тұқымдасы
 - D) Қайыңдар тұқымдасы
 - E) Үйеңкілер тұқымдасы

3. Тіршілік пішіні ағаш болып келетін, бұршақтар тұқымдасының өкілі
 - A) Сары қараған
 - B) Майқараған
 - C) Аморфа
 - D) Шеңгел
 - E) Ақ акация

4. Тіршілік пішіні бұта, бұтақтары тікенді болып келетін қарлығандар тұқымдасының өкілі
 - A) Итмұрын
 - B) Бөріқарақат
 - C) Қарлыған
 - D) Үшқат
 - E) Форзиция

5. Бозжиде ылғалдылықты талап ету бойынша қандай топқа жатады
 - A) Эутрофты
 - B) Гигрофит
 - C) Мезотрофты
 - D) Ксерофит
 - E) Мезофит

6. Жемісі сүйекті, сулы, провансаль майы алынатын, жылу сүйгіш субтропикалық өсімдік
- A) Құрма
 - B) Лимон
 - C) Інжір
 - D) Мандарин
 - E) Зәйтүн
7. Қазақстан аумағында ғана өсетін, шағанның эндем түрі
- A) Маньчжур шағаны
 - B) Пенсильвандық шаған
 - C) Жасыл шаған
 - D) Кәдімгі шаған
 - E) Шарын, Соғды шағаны
8. Жапырақтарының бет жағы жылтыр жасыл, жапырақтың астыңғы беті күміс түсті болып келетін үйеңкінің түрі
- A) Шаған жапырақты үйеңкі
 - B) Күміс түсті үйеңкі
 - C) Татар үйеңкісі
 - D) Далалық үйеңкі
 - E) Өзен үйеңкі
9. Жөке ағаштар тұқымдасына жататын туысын көрсетіңіз (Tiliaceae)
- A) Betula
 - B) Acer
 - C) Ulmus
 - D) Tilia
 - E) Pinus
10. Орал өзенінің бойында Батыс Қазақстан облыстарында еменмен араласа өсетін ағаш түрі
- A) Сиверс алмасы
 - B) Жылтыр шегіршін
 - C) Сексеуіл
 - D) Боз жиде
 - E) Тянь-шань шыршасы
11. Қарағаш тұқымдасының өкілі
- A) Шегіршін
 - B) Алма ағашы
 - C) Терек
 - D) Емен
 - E) Тал

12. Емен және талшын ағаштары қай тұқымдасқа жатады
- A) Раушангүлділер тұқымдасы
 - B) Талдар тұқымдасы
 - C) Шәмшаттар тұқымдасы
 - D) Қайыңдар тұқымдасы
 - E) Жаңғақтар тұқымдасы
13. Қандағаш туыстары қандай тұқымдасқа жатады
- A) Раушангүлділер тұқымдасы
 - B) Бұршақтар тұқымдасы
 - C) Қарағайлар тұқымдасы
 - D) Қайыңдар тұқымдасы
 - E) Жиделер тұқымдасы
14. Жемісі майлы, кондитерлік азық ретінде қолданылатын ағаш түрі
- A) Кәдімгі емен
 - B) Грек жаңғағы
 - C) Жөке ағашы
 - D) Қара сексеуіл
 - E) Қотыр қайың
15. Жаңғақтар тұқымдасының өкілі
- A) Ірі жапырақты жөке
 - B) Қотыр қайың
 - C) Кәдімгі емен
 - D) Грек жаңғағы
 - E) Ұсақ жапырақты жөке
16. Жабық тұқымдылар келесідей сыныпқа бөлінеді
- A) Қылқандылар және жабық тұқымдылар
 - B) Қылқанды және жалпақ жапырақты
 - C) Қос жарнақты және дара жарнақты
 - D) Жабық тұқымдылар және жалпақ жапырақтылар
 - E) Ашық тұқымдылар және жабық тұқымдылар
17. Қылқандары ине тәріздес ағаш түрлері
- A) Туя
 - B) Гинкго
 - C) Майқарағай
 - D) Сауырағаш
 - E) Арша

18. «Ертіс орманы» резерватындағы таспалы орман түзуші негізгі ағаш түрі
- A) Кәдімгі қарағай
 - B) Самырсын
 - C) Қотыр қайың
 - D) Тянь-шань шыршасы
 - E) Балқарағай
19. Сүректерінде шайыр жолдары болмайтын қылқанды ағаш түрін көрсетіңіз
- A) Шырша
 - B) Туя
 - C) Қарағай
 - D) Майқарағай
 - E) Балқарағай
20. Жалаңаш тұқымдыларға жататын тұқымдастарды көрсетіңіз
- A) Шегіршін, сауырағаш, жиделер тұқымдастары
 - B) Жөке, үйеңкі, талдар тұқымдастары
 - C) Қайың, қарағай, раушангүлділер тұқымдастары
 - D) Қарағай, сауырағаш, гинкголар тұқымдастары
 - E) Бұршақтар, гинкголар, үшқаттар тұқымдастары

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Раушангүлділер тұқымдасына жататын ағаш түрлері
- A) Татар үйеңкісі
 - B) Қара сексеуіл
 - C) Сиверс алмасы
 - D) Алқызыл долана
 - E) Кәдімгі сары өрік
 - F) Іле үшқаты
 - G) Кәдімгі жұпаргүл
 - H) Сары қараған
22. Долананы сипаттаңыз
- A) Жемістері сүйекті, өте ірі жеуге жарамды
 - B) Жапырақтары күрделі эллипс тәрізді
 - C) Жемісі қанық қызыл немесе сарғыш түсте, жеуге жарамды
 - D) Биіктігі 3-5 м-ден немесе 10-12 м-ге дейін жететін кішігірім ағаштар
 - E) Жемістері шырынды, 1-5 қатты сүйекті
 - F) Жемістері қанатшалы, жеуге жарамсыз
23. Кәдімгі алмұртты сипаттаңыз
- A) Биіктігі 10 м-ден аласа ағаш
 - B) Тіршілік пішіні лиана
 - C) Өркендері тікенді, жапырақтары дөңгелек
 - D) Жемістері жаңғақты
 - E) Жапырақтары күрделі тақ қауырсынды
 - F) Көшеттері екпе сорттар үшін жақсы телітуші ретінде пайдаланады
24. Раушангүлділер тұқымдасының өкілдері
- A) Терек
 - B) Алмұрт
 - C) Емен
 - D) Жиде
 - E) Шетен
 - F) Үйеңкі
 - G) Итмұрын
 - H) Жөке

25. Бұршақтар тұқымдасының өкілдері

- A) Аморфа
- B) Жөке
- C) Үйеңкі
- D) Емен
- E) Ақ акация
- F) Сары қараған
- G) Шаған

26. Қарлығандар тұқымдасына жататын бұта түрлері

- A) Янчевский қарақаты
- B) Ішдәрі қаражеміс
- C) Үшқат
- D) Қара қарақат
- E) Бөріқарақат
- F) Кәдімгі итмұрын
- G) Кәдімгі қарлыған

27. Қарақат туысын сипаттаңыз

- A) Жемістері құрғақ сүйекті
- B) Жапырақтары жәй, ромб тәріздес
- C) Биіктігі 2 м жететін бұта
- D) Жапырақтары саусақ салалы, көкөністерді тұздауда қолданады
- E) Жемісі көп тұқымды жидек, жидегінде С дәрумені көп болады
- F) Биіктігі 25 м, диаметрі 2 м болатын ағаш

28. Қара сексеуілдің экологиялық-орманшылық сипаттамасы

- A) Жапырақтары өте ұсақ, өркендері мен жемістері тұзды
- B) Сүректері өте ауыр, отын үшін таптырмайтын шикізат
- C) Сүректері иілгіш болып келеді, себеттер тоқылады
- D) Құмдарда, шөлдерде табиғи түрде өседі
- E) Жапырақтары ірі, интродуенті түр
- F) Жапырақтары өте әдемі, көгалдандыруда пайдаланады

29. Кәдімгі шырғанақтың сипаттамасы

- A) Биіктігі 25 м-лік ағаш
- B) Шырынында А және С дәрумендерге өте бай
- C) Жапырақтары сызықты, биіктігі 5м-лік бұта
- D) Жемісі құрғақ, сүйекті түсі қоңыр түсті
- E) Жемісі сулы, сүйекті, түсі ашық қызыл, топтасып орналасады
- F) Жылу сүйгіш өсімдік

30. Боз жиденің экологиялық-орманшылық сипаттамасы

- A) Жапырақтары жіңішке, ланцет тәрізді, жапырақ үсті ашық жасыл, асты сұр түсті
- B) Жемісі жидекті, шырынды
- C) Биіктігі 10 м болатын аласа ағаш және ксерофитті түр
- D) Жапырақтары дөңгелек, қою жасыл түсті
- E) Биіктігі 5 м болатын аласа ағаш және гигрофитті түр
- F) Тіршілік пішіні лиана
- G) Жеміс құрғақ, сүйекті

Жаздаяттық тапсырмалар
1-жаздаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Суретте Қазақстанда көгалдандыру мақсатында өсірілетін интродуцент ағаш түрлері келтірілген




31. 3-ші суретте келтірілген жапырақтарының пішіні және тұқымдарын сипаттаңыз
- A) жапырағы жұмыртқа тәрізді, жемісі қанатшалы
 - B) жапырағы жүрек тәрізді, жемісі жаңғақты
 - C) жапырағы ромб тәрізді, жемісі қос қанатты
 - D) жапырағы күрделі эллипс тәрізді, жемісі сүйекті
 - E) жапырағы саусақ салалы күрделі, сағақта 5-7 жапырақшадан, жемісі жаңғақты

32. 2-ші суретте келтірілген жапырақтарының пішіні және тұқымдарын сипаттаңыз
- A) жапырағы саусақ салалы, жемісі шырынды
 - B) жапырағы жұмыртқа тәрізді, жемісі қанатшалы
 - C) жапырағы күрделі эллипс тәрізді, жемісі сүйекті
 - D) жапырағы ромб тәрізді, жемісі қос қанатты
 - E) жапырағы жүрек тәрізді, жемісі жаңғақты
33. 1-ші суретте берілген ағаш түрінің жапырақтарының пішіні мен орналасуын сипаттаңыз
- A) жапырақтары тақ қауырсынды, пішіні жүрек тәрізді
 - B) жапырақтары жәй орналасқан, пішіні эллипс тәрізді
 - C) жапырақтары күрделі орналасқан, пішіні саусақ салалы
 - D) жапырақтары жәй орналасқан, 5-7 салалы
 - E) жапырақтары күрделі орналасқан, пішіні ромб тәрізді
34. 3-ші суреттегі морфологиялық белгілер бойынша ағаш түрін анықтаңыз
- A) шығыс шәмшаты
 - B) кәдімгі шырша
 - C) кәдімгі емен
 - D) атбас талшын
 - E) қотыр қайың
35. 4-ші суреттегі морфологиялық белгілер бойынша ағаш түрін анықтаңыз
- A) шынар түсті үйеңкі
 - B) батыс туясы
 - C) ұсақ жапырақты жөке ағашы
 - D) сібір балқарағай
 - E) сібір қарағай

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Суретте Қарағай тұқымдасына жататын Қазақстанда орман түзетін қылқанды ағаш түрлері келтірілген.



36. 6-шы суретте келтірілген бүрдің пішіні мен орналасуы

- A) сопақша, тұқымы жаңғақша, тік орналасқан
- B) жаңғақ тәрізді, көлденең орналасады
- C) ұзынша, жіңішке, салбырап орналасады
- D) конус тәрізді, жайылып орналасады
- E) цилиндр тәрізді, тік орналасқан

37. 2-ші суретте келтірілген бүрдің пішіні мен орналасуын сипаттаңыз

- A) жұмыртқа тәрізді, отырып орналасқан
- B) ұзынша, жіңішке, салбырап орналасады
- C) конус тәрізді, жайылып орналасады
- D) жаңғақ тәрізді, көлденең орналасады
- E) цилиндр тәрізді, тік орналасқан

38. 5-ші суретте келесідей ағаш түрінің қылқандарының орналасуы келтірілген
- A) сібір майқарағай, қылқандары доғалдау
 - B) сібір балқарағай, 20-30 данадан қылқан орналасқан
 - C) кәдімгі шырша, төрт қырлы
 - D) сібір қарағай, бір бірікпеде 5 данадан қылқан орналасқан
 - E) кәдімгі қарағай, бір бірікпеде 2 данадан қылқан орналасқан
39. B – суреттегі берілген морфологиялық белгілер бойынша ағаш түрін анықтаңыз
- A) кәдімгі шырша
 - B) кәдімгі қарағай
 - C) сібір балқарағай
 - D) сібір қарағай
 - E) шығыс туясы
40. A – суреттегі берілген морфологиялық белгілер бойынша ағаш түрін анықтаңыз
- A) сібір балқарағай
 - B) кәдімгі қарағай
 - C) сібір қарағай
 - D) шығыс туясы
 - E) кәдімгі шырша

Дендрология

ПӘНІНЕН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ